

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Жалғыз акционерінің
2019 жылғы 26 шілдедегі
№37/19 хаттамасына
№9 қосымша

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Жалғыз акционерінің
2019 жылғы 26 шілдедегі №37/19
шешімімен
«Бекітілді»

*Атауы «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Жалғыз акционерінің
30.10.2024 жылғы № 57/24 шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды*

**«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік
қоғамының акцияларды сатып алуы кезінде олардың құнын айқындау
әдістемесі**

*«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ
Жалғыз акционерінің 30.10.2024 жылғы № 57/24 шешімімен бекітілген № 1
өзгерістермен*

1-тарау. Жалпы ережелер

1-тармақ «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Жалғыз акционерінің 30.10.2024 жылғы № 57/24 шешіміне сәйкес редакцияда жазылды

Осы «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының акцияларды сатып алуы кезінде олардың құнын айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) құнын айқындайды.

Осы Әдістеме Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы кезінде қолданылады:

- 1) Қоғамның бастамасы бойынша;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Жалғыз акционердің талабы бойынша;
 - 3) сот шешімі бойынша.
3. Осы Әдістемеде келесі ұғымдар қолданылады:

1) **акция** — Қоғам шығаратын және Қоғамды басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд және оны тарату кезінде Қоғам мүлігінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын;

2) **Жалғыз акционер** — «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы;

2-тарау. Акцияларды сатып алу құнын есептеу әдістемесі

1. Қоғам акцияларды келесі әдістеме бойынша айқындалған құн бойынша сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы:

1) Қоғамның меншікті капиталының көлемін, оның даму перспективаларын, Қоғамның нормативтерді сақтауы бөлігінде заңнама талаптарын ескере отырып және тиісті лицензиясы бар тәуелсіз бағалаушының қорытындысы негізінде Қоғам акцияларды ұйымдастырылған нарықта орналастырған жағдайда, бағалы қағаздардың бағасына әсер ететін өзге де факторларды ескере отырып, нарықтық құны бойынша;

2) баланстық құны бойынша:

Баланстық құн мынадай формула бойынша есептеледі: $Cб = (AK) / Q$,
мұндағы АК - акционерлік капиталдың баланстық құны;

Q - шығарылған акциялардың жалпы саны.

3-тарау. Қорытынды ережелер

2. Әдістемеге өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен енгізіледі.

3. Осы Әдістемеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.